

*¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті¹
(Алматы қ, Қазақстан)¹
nurlyaiyym@gmail.com*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Бүгінгі күні барлығына бірдей қолжетімді білім беруді қарастыратын инклюзивті білім беру ерекше өзектілікке ие. біз білетіндей, заманауи білім берудің мақсаты ол жеке ерекшеліктерді ескере отырып, білім берудің қолжетімділігі мен сапасы саналады. Сөйлеу тілі зақымдалған балалар жалпы білім беру ортасында білім алатын негізгі санақ ретінде қарастырылады. Логопед мұғалімнің жұмысының негізгі мақсаты - сөйлеу тілі бұзылыстарын анықтау мен оны түзету бойынша жағдай жасау, балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту т.б болып келеді. инклюзивті білім беру ортасында логопед мұғалімнің жұмысының бірқатар ерекшеліктері бар. түзету дамытушылық жұмысытың мазмұны арнайы білім беру бағдарламалары мен оқыту әдістерін қолдануға, арнайы жағдай жасауға, және дидактикалық материалдарды таңдауға т.б негізделеді. инклюзивті білім беру ортасында логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың маңызды жағдайларының бірі өзге мамандармен, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасау саналады. Мақалада инклюзивті білім беру ортасында логопедиялық қолдаудың психологиялық –педагогикалық ерекшеліктері

***Түйін сөздер:** сөйлеу тілі зақымдалған балалар, мұғалім логопед, түзету, диагностика, профилактика*

Махамбетжанова Н.Р¹, Аутаева А.Н¹

*¹ Казахский национальный педагогически университет имени Абая¹
(Алматы, Қазақстан)¹
nurlyaiyym@gmail.com*

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОЙ СРЕДЫ

Аннотация

На сегодняшний день особую актуальность приобретает инклюзивное образование, которая рассматривает доступность образования для всех. Как известно, задача современного образования - это качество и доступность образования для всех, с учетом их индивидуальных особенностей. Дети с нарушениями речи это основная масса детей, которые обучаются в условиях

общеобразовательной школы. Основной целью работы учителя логопеда является это создание условий для выявления и устранения нарушений речи, развитие устной и письменной речи и др. Работа учителя дефектолога в условиях инклюзивного образования имеет ряд особенностей. Содержание коррекционно -развивающей работы основывается на использовании специальных образовательных программ и методов обучения, создание специальных условий, а также подбор дидактических материалов. Одним из важных условий реализации логопедической работы в инклюзивной среде является тесное сотрудничество с другими специалистами, а также с родителями. В статье рассматриваются психолого-педагогические особенности логопедической поддержки в условиях инклюзивной среды.

Ключевые слова: дети с нарушениями речи, учитель логопед, коррекция, диагностика, профилактика.

Makhambetzhanova N.R¹, Autayeva A.N¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University¹

(Almaty, Kazakhstan)¹

nurlyaiyym@gmail.com

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL FEATURES OF SPEECH THERAPY SUPPORT FOR CHILDREN WITH SPEECH DISORDERS IN AN INCLUSIVE ENVIRONMENT

Annotation

Today, inclusive education, which considers the accessibility of education for all, is of particular relevance. As you know, the task of modern education is the quality and accessibility of education for everyone, taking into account their individual needs. Children with speech disorders are the majority of children who study in a comprehensive school. The main purpose of the work of a speech therapist teacher is to create conditions for the identification and elimination of speech disorders, the development of oral and written speech, etc. The work of speech therapist teacher in inclusive education has a number of features. The content of correctional and developmental work is based on the use of special educational programs and teaching methods, the creation of special conditions, as well as the selection of didactic materials. One of the important conditions for the implementation of speech therapy work in an inclusive environment is close cooperation with other specialists, as well as with parents. The article discusses the psychological and pedagogical features of speech therapy support in an inclusive environment.

Keywords: children with speech disorders, speech therapist teacher, correction, diagnosis, prevention

Кіріспе. Бүгінгі таңда көзі ашық, көкірегі ояу қоғамда адам құндылығы, оның өмірі мен ерекшеліктері маңызды саналады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру ортасында оқыту үрдісін сипаттау

үшін «инклюзивті білім беру» термині қолданылып, алғылшын тілінен аударғанда «Inclusion» - «қосу», «француз» тілінен аударғанда «Inclusif» - «қосамын» деген мағынаны білдіріп, барлық балалар үшін қолжетімді білім беру мен тең қолдауды қарастырады.

Негізгі бөлім. Елімізде жылдан бастап инклюзивті білім берудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру енгізіліп, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі бағдарламасында инклюзивті білім беру мен қолжетімділікті қамтамасыз етудің бірқатар мақсаттары айқындалған [1]. И.Г. Елисеева, А.К.Ерсаринаның «Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе» атты әдістемелік нұсқаулығында: «Бүгінгі таңда Қазақстанда психофизикалық даму бұзылыстарымен байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар толыққанды арнайы мектептерде білім алуда. Олардың 14,2 % ПМПК ұсыныстары мен қорытындылары бар балалар. Осы категориядағы өзге оқушылар, сонымен қатар оқу қиындықтары бар балалар жалпы білім беру мекемелерінде білім алып, әлі де психологиялық педагогикалық сүйемелдеумен толыққанды қамтамасыз етілмей отыр» деген. Қарап отырсақ, жалпы білім беру мекемелері, инклюзивті білім беру ортасын құрғанымен, әлі де толыққанды педагогикалық, психологиялық қолдауға мұқтаж [2].

Инклюзивті білім берудің өзектілігі қандай? Заманауи қоғамда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету, қолжетімді ортаны туындату, білім алуы мен әлеуметтенуі үшін жағдай жасау, түзетушілік дамытушылық жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру т.с.с мәселелер арнайы педагогикада өзектілігін жойған жоқ. Себебі, әр баланың жеке ерекшелігін есепке алып, бала бойындағы бұзылыстың құрылымы мен сипатына орай ықпал ету жолында балалар үшін кедергісіз ортаны туғызу, оқу әдістемелік құралдарды балалар үшін бейімдеу, сонымен қатар балаларға қалыпты құрдастарымен тірі қарым-қатынас пен бірге дамуға мүмкіндік беру болашақта балалардың қоғамға әлеуметтенуіне, өз орнын табуына үлкен ықпалын тигізбек.

2008 жылғы ЮНЕСКО – ның анықтамасы бойынша, инклюзивті білім беру - әр тұлғаның түрлілігін, әр түрлі қажеттіліктерін, қабілеттерін т.б есепке ала отырып, дискриминацияның барлық формасын жою мен сапалы білім берумен қамтамасыз етуге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз үрдісі саналады. Осы орайда ерекше білім беру қажеттіліктері ол әр білім алушының оқудағы жетістігін қамтамасыз ету мақсатында психологиялық педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу үрдісіндегі көмекке қажеттіліктер ретінде қарастырылады [3].

Инклюзивті білім беру ортасында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық - психологиялық сүйемеледеу жолында білім беру мекемесінің әр субъектісінің белсенділігі мен қолдауы маңызды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық психологиялық қолдау мәселелері Ю.А. Афонькина, И.М. Бондаренко, А.М. Ковешникова, Н.Я. Семаго т.с.с ғалымдар тарапынан, инклюзивті білім беру ортасында мұғалім

логопедтің жұмысының спецификасы мен ұйымдастыру жұмыстары О.Е. Потапова, О.А. Степанова, О.А. Денисова т.с.с ғалымдар тарапынан қарастырылған. Отандық арнайы білім беру саласында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу жолында Намазбаева Ж.И, Айтжанова Р.С, Аутаева А.Н, Мовкебаева З.А, Елисеева И.Г., Ерсарина А.К, Бутабаева Л.А т.с.с ғалымдардың, ал сөйлеу тілі зақымдалған балаларды оқыту мен тәрбиелеу, сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету, жою жолында Өмірбекова Қ.Қ, Тулебиева Г.Н., Оразаева Г.С, Ибатова Г.Б т.с.с ғалымдардың еңбектерінің маңызы өте зор.

Сөйлеу тілі зақымдалған балалармен жұмыс жасайтын маман –«логопед маманы» болып, логопедия саласы арнайы педагогиканың жетекші салаларының бірі саналады. Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі ғана емес, мектеп жасындағы балалар арасында сөйлеу тілі бұзылыстары жиі кездесіп жатады. Сөйлеу тілі бұзылыстарының себептері әр түрлі болып, олар эндогенді және экзгенді факторларға байланысты болып келеді. Сөйлеу тілі бұзылыстарының түрлері әр түрлі болып, ал оларды түзету мен дамыту жолында сөйлеу тілінің дамуының онтогенетикалық негіздерін білу маңызды саналады. Г.Л. Розенгард Пупко балалардың сөйлеу тілінің дамуы барысында дайындық және сөйлеу тілін өз бетінше безендіру кезеңдерін атап өтеді. Ал, Леонтьев А.А бойынша балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуының төрт кезеңі қарастырылады: біріншісі дайындық, екіншісі мектепке дейінгі кезең алды, үшіншісі мектепке дейінгі, төртіншісі мектеп кезеңін құрайды. Бұнда бірінші кезең дайындық кезеңі болып бала туғаннан бастап бір жасқа дейінгі уақытты қарастырады [4]. Бұл кезең неге дайындық кезеңі деп аталады? Себебі, бала туылған кезде кезеңде баланың сөйлеу тілі адамның сөйлеу тілінен алыс, бірақ жылау т.б балалардың сөйлеу тілдік аппараты мен тыныс алу, дауыс, артуляциялық аппаратының қозғалыстарының түрлі қозғалыстары мен бұлшықеттерінің дамуына ықпал етіп, ал екі аптадан кейін баланың сөйлеген адамның дауынына назар аударуын, тыңдайын байқауға болады. бір айдың соңында балан мелодиялық әуеңмен баланы тыныштандырып, кейі бала сөйлеушіге назар аударып, басын бұрып, көзімен қарап, келекеле бала еркелету интонациясына назар аудара бастайды. Екі айда немесе үш айдың басында балада гуілдеуі байқалып, ол былдырға ұласады. Былдыр ол белгісіз артикляцияланатын дыбыстардың үйлесімділігі саналады (агу агу). 5 айда балалар естіген дыбыстарына, көрген нәрселеріне еліктеп қандай да бір белгісіз қимылды бірнеше рет қайталауы дағдыға әкеледі. байында екілтеуі арқылы жеке буындарды айтып, еліктеу арқылы бала тек фонема ғана емес, теп, ритм, интонация т.б назар аудара бастайды. Екінші жарты жылдығында заттық әрекетпен байланысты дыбыстық үйлесімдерді айта бастайды (бух, тик, так). 8 бен 9 айларында бала түрлі дыбыстық үйлесімдіктерді қайталап, 10 -11 айында маңызды сөздерге реакциялары пайда болып, бірінші жылдың соңында алғашқы сөздері пайда бола бастайды. Екінші кезең мектепке дейінгі кезең алды болып, ол 3 жасқа дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде балаларда қоршаған адамдардың айтқанын артикуляциялауы, қайталауы байқалып, 1.5 жасқа таман алғашқы сөздері жалпы мағыналық сипатқа ие болып, қандай да

бір сөз тіркестері бір сөзді білдіруі мүмкін. Мысалы, «каша» сөзі тамақ жейімін дегенді де білдіре алады. Балалардың сөздік қорлары жиналып, 1 жас 6 айда 10-15 сөзді, 2 жаста шамамен 300 сөзді, 3 жаста шамамен 1000 сөздік құрап, сөздердің мағынасы бала өскен сайын анық бола бастайды. 3 жасқа таман балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы қалыптаса бастайды. Үшінші кезең ол мектеп жасына дейінгі кезең болып, 3-7 жас аралығын қамтиды. Мектеп жасына дейінгі кезеңде балалардың басым бөлігінде дұрыс емес дыбыстар байқалып, ысқырық, сонорлы дыбыстардың дефектісі, йотациялар байқалуы мүмкін. 3-7 жас аралығында балаларда өзінің сөйлеу тілін естіп бақылауы дамып, өзгеше айтқанда фонематикалық естіп қабылдауы қалыптасады. Сөздік қорлары белсенді дамып, 4-6 жаста белсенді сөздік қоры шамамен 3000-4000 сөзді құрап, сөздердің мағыналары нақтылана түседі. Сөздік қорының дамуымен қатар грамматикалық айналымы, сөйлемдегі сөздерді үйлестіру тәсілдері дами түсіп, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы дами түседі. А.Н. Гвоздев бойынша, 3 жастағы балаларда негізгі грамматикалық категориялар қалыптасқа келеді екен. 4 жаста балалар қарапайым жай сөздерді қолданып, 5 жаста сабақтас құрмалас пен себеп салдарлық сөйлемдерді қолдана алады екен. Осы кезеңде балалардың монологтық сөйлеу тілі дамып, балалар ертегілерді әңгімелеп айта алады. Қалыпты жағдайда 4 жастағы балалар дыбыстарды ажырата алуы керек. яғни аталмыш жастағы балаларда фонематикалық қабылдауы қалыптасқан болуы керек. Төртінші кезең мектеп кезеңі болып, ол 7-17 жас аралығын қамтиды. Аталмыш кезеңде балалардың сөйлеу тілін дамытудың басты ерекшелігі оның саналық сипатында. Балалар дыбыстық талдауды меңгеріп, пайымдаудың грамматикалық құрылымын меңгеріп, жетекші роль бұл кезеңде жазбаша сөйлеу тіліне де жүктеледі. Қарапай отырсақ, балалардың сөйлеу тілінің дамуының онтогенетикалық негіздерін білу сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету мен дамыту бойынша жұмысты дұрыс ұйымдастырудың негізгі алғышарттарын құрайды [5].

Елисеева И.Г., Ерсарина А.К бойынша бүгінгі таңда отандық білім беру жүйесінде оқытудың арнайы жағдайын туғызуда келесі ерекше оқу қажеттіліктерін қолдану маңызды:

- оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту;
- оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін өзгерту;
- оқытудың вариативті , арнайы, альтернативті тәсілдерін қолдану;
- оқулықтар, оқу құралдарын, жеке оқу материалдарын дайындау;
- оқыту формасын таңдау;
- келергісіз ортаны туындату мен оқыту орнын бейімдеу;
- орынбасушылық пен техникалық құралдардың қажеттілігі;
- арнайы психологиялық педагогикалық қолдау (психолог, логопед, арнайы педагог т.б);
- педагог ассистенттің көмегі;
- әлеуметтік педагогикалық көмек.

ППҚ-дың логопедиялық сабағына жалпы сөйлеу тілінің дамымаушылығының белгіленген деңгейіндегі, фонетикалық

фонематикалық жетіспеушілігі бар, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары бар (дисграфия, дислексия) т.б балалар қабылданып, логопед сабағына алуға басты көрсеткіш ауызша немесе жазбаша сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың балаға оқу бағдарламасын меңгеріне кедергісін келтіруі саналады.

Біз білетіндей, сөйлеу тілі функциясы адамның маңызды танымдық үрдісінің бірі саналады. Сөйлеу тілінің дамуы үрдісінде танымдық іс- әрекетінің жоғарғы формалары қалыптасып, адамның түсініктік ойлау қабілетіне ықпал етеді. Мұғалім логопедтің іс-әрекетінің басты мақсаты - баланың сөйлеу тілі бұзылыстарын (ауызша және жазбаша) анықтау мен оны түзету, сөйлеу тілін дамытуға ықпал ететін жағдай жасау, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың коммуникациясын жетілдіру т.б саналады. Логопед мұғалімнің жұмысы бір жағынан мектептің жалпы стратегиялық міндеттері мен мақсаттарымен анықталса, екінші жағынан білім берудің мемлекеттік стандартына сай болады. яғни, бір жағынан логопед мұғалімі кәсіби мақсаттары мен міндеттеріне жүгініп, сөйлеу тілі зақымдалған балалармен жұмыс жасай отырып, аталмыш категориядағы балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысына мұғалімге көмектесе отырып, нәтижесіне инклюзивті білім беруді оңтайландыруға ықпалын тигізеді.

Логопед мұғалімі өз жұмысын қызметтік нұсқаулығына сәйкес нормативті және әдістемелік құжаттарға сүйеніп ұйымдастыра отырып, келесі жағдайларды есепке алуы қажет:

- өзінің кәсіби іс - әрекетінің барлық бағыттары;
- оларды жүзеге асырудың кезектілігі;
- өткізу уақыты мен нақты іс шаралар мазмұны мен формасы;
- жұмыс үшін қажет құжаттарды даярлау мен рәсімдеу.

Жұмысты ұйымдастыру жоспары бойынша логопед мұғалімі әр оқу жылына жоспар құрып, жұмыс жоспарында іс-әрекеттің негізгі бағыттары, жыл бойы атқаруға қажет әдістемелік іс шаралар уақытмен көрсетіледі. Жұмыс жоспары ұйымдастырушылық, түзету дамытушылық, оқу тәрбиелік, әдістемелік, біліктілікті арттыру мен өзін өзі жетілдіру, ағартушылық жұмыс, кабинетті жабдықтау т.с.с бағыттарды қамтып, жоспарды құруға қойылатын негізгі талаптар: оны мақсатқа бағытталуы, бір бағытқа ие болуы, алға қойылған міндеттерді орындау бойынша іс- шаралар жүйесін орындау; қысқа әрі нақты болуы т.б болып келеді. Логопедия түзетушілік, арнайы педагогиканың бір саласы бола отырып, өзінің басты міндеттері ретінде сөйлеу тілі бұзылыстарын анықтау мен зерттеу, оларды түзету мен алдын алу бойынша әдістер мен қағидаларды негізге ала отырып, түзету дамытушылық жұмысты жүзеге асыруға негізделеді.

Сөйлеу тілі зақымдалған балаларда сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлілігі мен бұзылыстың құрылымы, ауырлық сипатына орай түзету дамыту жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, дыбыстап айту бұзылыстарын түзету бойынша жұмыста логопедиялық жұмыстың келесі кезектілігі қарастырылады: есту зейіні мен қалыптастыратын дыбысты фонематикалық қабылдауын дамыту; артикуляциялық жаттығу, дыбысты қою, дыбысты дағдыландыру, дыбысты ажырату т.б егер, бала қалыптастыратын фонеманы

естуі арқылы нақты қабылдай алатын болса, екінші кезенді алып тастауға болады. дыбысты қою барысында түрлі анализаторлардың (есту, көру, тері, қозғалыс т.б) қолданысы іске қосылады. Дыбыспен жұмыстың бастапқы кезеңінен бастап балада өзін естіп қабылдауын дамыту маңызды. Қойылған дыбыстарды автоматтандыруға өту бала ол дыбысты оқшау айтқанда нақты және ұзақ және көп қайталауларда нақты айта алған кезде өтуге болады. әлі жеткіліксіз айтылатын буынды сөзде қолдануға болмайды. Осы орайда тіпті автоматтандырудың (дағдыландыру) өзі белгілі кезектілікте ұйымдастырылуы керек: буында дағдыландыру, сөзде дағдыландыру, сөйлемде дағдыландыру, тақпақтар мен жаңылтпаштарда дағдыландыру, қысқа кейін ұзақ әңгімелерде дағдыландыру, сөйлеу тілінде дағдыландыру т.б. Дыбысты дағдыландыру үшін қажет лексикалық материал арнайы фонетикалық талаптарға сай болып, ең алдымен онда бекітілетін дыбыстардың максимальды саны болуы қажет. Ескеретін жағдай, әлі дұрыс айта аламайтын дыбыстардың болмауы маңызды. Сонда балада дұрыс дыбыстап айтуы дағдыланбайды.

Біз білетіндей, мектепке дейінгі немесе мектептегі инклюзивті білім беру ортасы болсын логопед мұғаліміне жүгінетін балалардың түрлі сөйлеу тілі бұзылыстары байқалады (ЖСТД, дизартрия, дислалия, тұтықпа, ринолалия, брадилалия, тахилалия, жазбаша сөйлеу тілімен оқу бұзылыстары, дауыс бұзылыстары т.б). Тіл ол сөйлеу тілі формасына енетін адамның ойлау механизмі. Тіл -ол тіл мен сөйлеу тілінің үйлесімділігі. Бұнда тіл мен сөйлеудің үйлесімділігі, ойлау, сана үшеуі ментальды лингвальды кешенді құрап, тіл артикуляциялық мазмұндық типтегі инструментальды ақпараттық жүйе; ойлау функциональды типтегі динамикалық ақпараттық жүйе, сана реттеушілік типтегі жинақтау бағалау жүйесі ретінде танылады. Инклюзивті білім беру ортасында логопед маманының іс-әрекеті тек сөйлеу тілі зақымдалған балалармен жұмысқа ғана емес, сонымен қатар балаларды бейімдеу мен әлеуметтендіруге де аралған. Біз білетіндей, жиі жағдайда логопедиялық мәселелер балалардың өзге балалармен қарым - қатынасқа түсуіне кедергісін келтіріп, сөйлеу тілі зақымдалған балалар тарапынан білім, білік, дағдыларды меңгеруінде қиындықтарды туғызады.

Инклюзивті білім беруде инклюзивті білім беру ортасы келесі компоненттерді қарастырады:

- заттық кеңістіктік компонент: мекеменің материалды мүмкіндіктері, қолжетімді (кедергісіз) архитектуралық кеңістіктік ұйымдастырушылық; ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін техникалық құралдар мен жүйелермен жабдықталуы;
- мазмұндық әдістемелік компонент: ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен дамытудың жеке, бейімделген маршруты; білім беру мен тәрбиелеу әдістемелерінің, формаларының, құралдарының икемділігі;
- коммуникативті ұйымдастырушылық компонент: арнайы педагогтардың, логопед, психолог, өзге де педагог мамандарының бірігіп жұмыс атқаруға кәсіби тұлғалық дайындығы, сынып ұжымында жағымдық психологиялық ақуалды туғызуы, мамандардың біріккен командалық іс әрекетін ұйымдастыру.

Осы орайда білім беру ортасы инклюзивті тәжірибенің мүмкіндігін қамтамасыз етуі үшін ол келесі белгілерге ие болуы керек:

- өзгерістерге дайындығы мен икемділігі;
- басқарудың мобильділігі мен тиімділігі;
- гуманистік құндылықтардың басым болуы;
- әр баланың жеке ерекшелігін есепке ала отырып, білім беру үрдісіне жеке ықпал ету т.б.

Мұғалім логопед маманы нормативті және әдістемелік құжаттарға негізделіп отырып, қызметтік лауазымына сәйкес өз жұмысын ұымдастырады:

- өзінің кәсіби іс әрекетінің барлық бағыттары;
- оларды жүзеге асырудың кезектілігі;
- нақты іс- шаралардың уақыты, формасы, мазмұны;
- жұмыс үшін қажет құжаттарды даярлау мен безендірі кезеңдері т.б [5].

Білім беру ұйымының жалпы жоспарына орай, логопед мұғалімі әр оқу жылына өзінің жұмыс жоспарын құрып, онда іс- әрекеттің негізгі бағыттары , жалпы мазмұны, сол жылы атқарылуға тиісті шаралар мерзімімен көрсетіледі. Жұмыс мазмұны ұйымдастырушылық жұмыстан (түзету дамытушылық оқу тәрбие жұмысы), әдістемелік жұмыстан, құжаттар, өз білімін жетілдіру, ағартушылық жұмыс, кабинеттің жабдықталуы т.с.с бөлімдерден тұрады.

Сөйлеу тілін зақымдалған балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету басым жағдайда логопед маманының кәсібилігіне тікелей байланысты. Логопед маманы балаға қарым қатынастың шексіз жолын ашып қана қоймай, сонымен қатар адамзаттық өзара қарым - қатынастың негізін ұғындырады. Сөйлеу тілі мен танымдық үрдістің сабақтастығы ұғымына орай, бала бойындағы сөйлеу тілін түзету баланың өзіне деген сенімділігін арттырып, танымдық үрдістерінің оңтайлы дамуына да ықпал етеді.

Зерттеу әдістемесі мен әдіснамасы. Зерттеу тақырыбы бойынша зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздерін Л.С. Выгодскийдің «дамудың өзекті аймағы», «дамудың жақын аймағы» атты теориялары, А.Н. Гвоздевтің, Н.И. Лалаеваның, отандық ғалымдардан Өмірбекова Қ.Қ, Тулебиева Г.Н, Ибатова Г.Б зерттеулерін негізге алдық.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Логопед мұғалімі инклюзивті білім беру ортасында сөйлеу тілі зақымдалған балалармен жұмыс барысында өзінің лауазымдық міндеттерін мұқият және жіті атқаруы қажет. Осы орайда логопедия саласының озық технологиялары мен әдістерін меңгере отырып, өзінің тәжірибесінде ғылыми негізделген, дәлелденген әдістерді қолдануы маңызды. Жыл басында ауызша сөйлеу тілі мен жазбаша сөйлеу тілі зақымдалған балаларды диагностикалау негізінде сабақ кестесін құрып, жеке және топтық сабаққа балаларды топтастыруды қолға алады. Жоғарыда атап өткеніміздей, инклюзивті білім беру ортасында сөйлеу тілі зақымдалған балалардың сөйлеу тілі бұзылыстары түрлі құрылымдық сипатқа ие болып, ал ол өз кезегінде жалпы білім беру немесе инклюзивті білім беру жағдайында бейімделген бағдарламаны меңгеруде белгілі қиындықтарды туғызып, түзетушілік дамытушылық жұмысты талап етеді.

Қорытынды. Инклюзивті білім беру ортасында логопедиялық қолдауды ұйымдастыру кешенді, жүйелік үрдіс. Себебі, оның кешенділігі пәнаралық байланыспен сипатталса, ал жүйелілігі оның үздіксіз нәтижелік сипатында саналады. Инклюзивті білім беру ортасында дұрыс ұйымдастырылған логопедиялық қолдау жұмысы өзге сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалармен білім алатын түрлі деңгейдегі өйлеу тілі зақымдалған балалардың сөйлеу тілін дамытуға, бұзылыстарын түзетуге, коммуникативті дағдыларны жетілдіруге, жалпы әлеуметтендіруіне зор ықпалын тигізеді.

References

- 1. Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025 (Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 15, 2018, No. 636)*
- 2. Psychological and pedagogical support of children with special educational needs in a comprehensive school: method. recommendations/ Eliseeva I.G., Ersarina A.K. - Almaty: NNPC KP, 2019. - 118c.*
- 3. Open dossier on inclusive education. UNESCO, 2003*
- 4. Leontiev A.A. Psycholinguistic units and the generation of speech utterance / A.A. Leontiev. - M.: Nauka, 1969. - 307 p.*
- 5. Bogatyreva, A.V. Features of the organization of speech therapy work in inclusive education / A.V. Bogatyreva, M. A. Kostkina. — Text : direct // Questions of preschool pedagogy. — 2017. — № 1 (7). — PP. 146-148. — URL: <https://moluch.ru/th/1/archive/49/1723> / (accessed: 30.04.2022).*